


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТИ

Бекітемін  
Ректор



У. Умбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі  
№1 хаттама, «29» 08 2024 жыл



АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

Қызылорда, 2024 жыл

## МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер
2. Жалпы ережелер
3. Аккредиттеуден өту арқылы университетке берілетін мүмкіндіктер
4. Аккредиттеу және рейтинг орталығының мақсаттары
5. Аккредиттеу және рейтинг орталығының міндеттері
6. Аккредиттеу және рейтинг орталығының қызметтері
7. Аккредиттеу және рейтинг орталығының құқығы
8. Аккредиттеу есептілігіне қойылатын талаптар

## 1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

2.Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (24.06.2024ж. енгізілген өзгерістермен);

3.Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

4.Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (27.08.2024ж. енгізілген өзгерістермен);

5.Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі № 61-IV Заңы (08.06.2024ж. енгізілген өзгерістермен);

6.«Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 23.06.2022ж. № 595 бұйрығы;

## 2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Аккредиттеу және рейтинг орталығы (әрі қарай–орталық) Академиялық мәселелер жөніндегі басқарманың бөлімшесі болып табылады және Ішкі сапаны қамтамасыз ету және стратегиялық талдау бөлімімен тығыз байланыста.

**Аккредиттеу** – ЖОО-ның қызмет сапасын толықтай немесе жекелеген білім беру бағдарламаларын халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігін мойындау мақсатында аккредиттеу органы арқылы бағалайтын үдеріс.

Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

**Институционалдық аккредиттеу** –бұл білім беру ұйымының қызметінің сапасын бағалау рәсімі. Бұл рәсім білім ұйымдары мен олардың білім беретін бағдарламаларының стандарттарға сәйкестігін бағалайды.

**Мамандандырылған аккредиттеу** – сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін қолдау және сапаны бағалаудың арнайы сыртқы рәсімін жүргізумен негізделеді.

**Ұлттық аккредиттеу**– бұл ел шеңберінде білім беру ұйымын немесе бағдарламаны аккредиттеу.

**Халықаралық аккредиттеу**–шетелдік аккредиттеу агенттігінде білім беру ұйымын немесе жекелеген кәсіптік білім беру бағдарламаларын аккредиттеу.

**Білім беру бағдарламасы** – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру үдерісін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені.

**Аккредиттеу стандарттары** – аккредиттеу органының аккредиттеу рәсіміне қойылатын талаптарды белгілейтін құжаттары.

**Өзін-өзі бағалау рәсімі**– институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттары мен критерийлері негізінде білім беру ұйымы жүргізетін ішкі бағалау үдерісі, содан кейін өзінөзі бағалау туралы есеп дайындалады.

**Сарапшылық тұжырым**–институционалдық/мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде білім беру ұйымдары іс-әрекетін/ білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижелері бойынша есепке сараптама жасалған құжат.

ҚР Білім туралы Заңына сәйкес (9-1 бап) аккредиттеу ерікті негізде жүзеге асырылады. ЖОО ҚР ҒЖБМ тізіліміне енгізілген аккредиттеу органын дербес таңдайды және өз қаражаты есебінен аккредиттеу рәсімдерін төлейді.

Университет танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеуден өтуге құқылы.

Институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өткен мекемелер аккредиттеу мерзіміне аккредиттелген бағдарламалар бойынша мемлекеттік аттестаттау рәсімінен босатылады.

### **3. АККРЕДИТТЕУДЕН ӨТУ АРҚЫЛЫ УНИВЕРСИТЕТКЕ БЕРІЛЕТІН МҮМКІНДІКТЕР**

Институционалдық аккредитеуден өту университетке бірнеше мүмкіндіктер береді:

- Білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту;
- Университеттің білім беру қызметінің экспортқа бағдарлануын кеңейту;
- Өзінің мәртебесін және берілген білімнің еуропалық стандарттарға сәйкестігін растау;
- Ұлттық білім беру нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру;
- Білім беру гранты негізінде мемлекеттің қаржыландыруын алу;
- Университет туралы ұстанымын, имиджін және қоғамдық пікірін арттыру;
- Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жетілдіру және сапа мәдениетін дамытуды қамтамасыз ету;
- Білім беру бағдарламаларын басқару арқылы білім беру процесін басқару.

Мамандандырылған аккредиттеуден өту университетке келесідей мүмкіндіктер береді:

- Университет дипломдарын тану және түлектерді шетелде жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейту;
- Білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту;
- Білім беру қызметінің экспортқа бағдарлануын кеңейту;
- Халықаралық білім беру нарығында бәсекеге түсу, жоғары білім берудің әртүрлі жүйелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- Өзінің мәртебесін және берілген білімнің еуропалық стандарттарға сәйкестігін растау;
- Білім беру қызметтерінің ұлттық нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру;
- Мемлекеттік білім беру гранты негізінде қаржыландыру алу;
- Білім беру бағдарламалары туралы позицияны, имидж бен қоғамдық пікірді арттыру;
- Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жетілдіру және сапа мәдениетін дамытуды қамтамасыз ету;
- Білім беру бағдарламасын басқару арқылы білім беру процесін басқару.

#### **4.АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ:**

- Академияның білім беру қызметінің институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігін бақылау;
- Институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу рәсімдерін дайындау және өткізу бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- Білім беру бағдарламаларының рейтингтеріне дайындық және қатысу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

#### **5.АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

- Университет қызметкерлерінің стратегиялық ойлау мәдениетін қалыптастыру мақсатында университеттің алдына қойылған стратегиялық мақсатына, миссиясына сәйкес даму стратегиясын енгізу;
- Университет пен білім бағдарламаларын аккредиттеу үдерісін ұйымдастыру-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;
- Университет басшылығының үнемі бақылайтын ұйым ретінде аудиторлар тобының жұмыстарын қалыптастыру, сапалы аудиторлар дайындауды ұйымдастыруы;

-Ішкі сапаны қамтамасыз ету бойынша құжаттарды жетілдіру/актуализациялау, енгізу және құру бойынша жұмыстар жүргізу мен ұйымдастыру.

## **6. АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ**

-Университеттің стратегиялық бағыттарының орындалуы бойынша жұмыстар үйлестіру және ұйымдастыру;

-Университеттің білім бағдарламаларын аккредиттеу үдерісін ұйымдастыру, құжаттарын даярлау және орындау;

- Ішкі сапаны қамтамасыз ету бойынша құжаттарды актуализациялау мен дайындауды ұйымдастыру;

-Институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жұмыстарын үйлестіру;

-Университеттің ұлттық және халықаралық рейтингтерге қатысуы үшін мәліметтер жинау, талдау және ұсыну;

- Ішкі аудит жүргізу және ішкі аудит жүргізу жиілігін, әдістері мен салаларын айқындау.

## **7. АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ**

Орталық құқылы:

-Құрылымдық бөлімшелерден, кафедра меңгерушілерінен қажетті деректерді сұрату;

-Орталық құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер және ұсынымдар беру;

-Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына орталық құзыретіне жататын мәселелер бойынша орындалуға міндетті нұсқаулар беру;

-Мәжілістерге қатысу және орталық құзыретіне кіретін мәселелерді талқылауға қатысу.

## **8. АККРЕДИТТЕУ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Өзін-өзі бағалау туралы есеп аккредиттеудің міндетті шарты болып табылады. Құжаттың көлемі қосымшаларды есептемегенде негізгі (аналитикалық) бөліктің 50-70 бетін құрауы тиіс. Қосымшаларға дәлелдемелік құжаттар/құжаттардың көшірмелері кіреді. Әрбір білім беру бағдарламасының ерекшеліктерін ескере отырып және баяндама жасаушылардың шығармашылық әлеуетін ескере отырып, агенттіктердің әзірлеген қосымшалардың үлгілері өзін-өзі бағалауға жауапты жұмыс тобы мүшелерінің қалауы бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

Өзін-өзі бағалау есебін қалыптастыру аяқталғаннан кейін аккредиттелген ұйым (сыртқы сарапшылық топтың күтілетін сапарына дейін 1 айдан кешіктірмей) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі есептілікті электронды түрде агенттікке жібереді.

Өзін-өзі бағалау есебі негізгі бөлімнен және қосымшалардан тұрады. Есептің негізгі бөлігінде құжатта қолданылатын белгілер мен аббревиатуралар бөлімі, білім беру бағдарламасы туралы жалпы ақпарат, кіріспе, институционалдык/ мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестікті сипаттайтын тараулар, қорытындылар кіреді.

Өзін-өзі бағалау есебін жазу кезінде келесі сапа критерийлері орындалуы керек:

-стандарттардың барлық критерийлері қамтылуы тиіс, егер білім беру ұйымы қандай да бір критерий бойынша ақпарат бере алмаса, себебін көрсету керек;

-Келісімділік пен логиканы қамтамасыз ету үшін ұсынудың ерікті тәртібіне жол беріледі;

-критерийлер, негізгі ережелер мен талаптар сапалы түрде тұжырымдалған;

-есептегі барлық мәлімдемелер қажетті құжаттармен расталады (есепке қосымша ретінде ресімделеді).

Өзін-өзі бағалау есебінің мәтінін пішімдеуге қойылатын талаптар: Құжат форматта болуы керек Microsoft Word. А4 бет пішімі;

Бет жиектері: жоғарғы, төменгі және оң жақ– әрқайсысы 2 см, сол жақ– 3 см. Қаріп–Times New Roman; мөлшері–14; Жоларалық интервал–1, абзац интервалы тақырыптардың алдындағы және кейінгі 6 pt-тен аспайды. Ені туралау, сол жақ шегініс–1. Есептің басында беттерді көрсететін автоматты түрде өңделетін кірістірілген мазмұн кестесі болуы керек. Есеп портреттік бағдармен А4 пішімінде (бір жақты) басып шығарылады, қолданбаларда ландшафттық бағдарды да қолдануға болады.


**КЕЛІСІЛДІ:**

Академиялық мәселелер жөніндегі  
проректоры:



Г.Ж.Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі  
басқарма басшысы:



А.К.Мырзанова

**Құрастырған:**

Ішкі сапаны қамтамасыз ету және  
стратегиялық талдау бөлімінің  
басшысы:



А.М.Төлегенова